

Алматы технологиялық университеті
Тағамдық биотехнология кафедрасы

ПӘН «Биоэтика және тағам биотехнологиясындағы қауіпсіздік негіздері»

Дәріскер: Алибаева Бахыт Насихатқызы

Дәріс № 2

Жоспары

1. Этикалық білім жүйесіндегі биоэтиканың орны мен рөлі. Қазіргі заманғы ғалымдардың еркіндігі мен жауапкершілігі.
2. Биоэтиканың ерекшеліктері: пәнаралық, жариялылық, нормативтік, институционалдық ұйымдастыру
3. Биоэтика мәселелері: жалпытеориялық, ашық немесе жағдайлық, деонтологиялық, институционалды.
4. Этикалық комитеттер: құрылу тарихы, ерекшеліктері, модельдер, деңгейлері, Қазақстан Республикасындағы этикалық құжаттардың құқықтық базасы.
5. Дәрістің негізгі терминдері, қолданылатын әдебиеттер мен электронды ресурстар

Этикалық білім жүйесіндегі биоэтиканың орны мен рөлі:

Қазіргі заманғы биоэтика мәселелерінің аумағы кеңейіп, тек ғана адамгершілік, философиялық тұрғыдан емес, құқықтық аспектілер мен нағыз интегративті пәнаралық бағыты бар академиялық пәнге айналды. Бұл мағынада ол биомедициналық этика және экологиялық этикаға (экоэтикаға) жақындатылады.

Биомедициналық этика дәстүрлі медициналық этикаға қарағанда аса кең көлемді мәселелерімен ерекшелінеді, сонымен қатар кәсіби этика шеңберінен шығып, медициналық ғылым мен тәжірибенің дамуымен байланысты мәселелерді қоғамдық пікір таласқа түскенін қалайды.

Экологиялық этика – адамның тірі және тірі емес табиғатқа адамгершілік қарым қатынасын оқыту пәні болып табылады.

Медициналық этика - медицинадағы өзара қарым қатынас субъектілері – дәрігер мен пациенттің қарым қатынас нормаларын белгілейді.

Осы этика түрлерінің арасында күрделі өзара байланыс бар.

Биоэтиканың ерекшеліктері :

- **Биоэтиканың пәнаралық сипаты** философиялық, медициналық, жаратылыстану ғылымдары, гуманитарлық, теологиялық, заң бағытындағы ғылымдардың болуымен анықталады;
- **Биоэтиканың жариялануы**, биоэтикалық пікір таластарда тек кәсіби ғалымдар мен медиктер ғана емес, заңгерлер, философтар, теологтар, экономистер, пациенттер мен олардың отбасы мүшелері және қоғамдағы басқа өкілдердің де қатысуын көздейді;
- **Биоэтиканың нормативтілігі** қосымша медициналық тәжірибеде және жаңа биомедициналық технологияларды қолдану әсерінен пайда болған жаңа жағдайларда жалпы адами моральдік құндылықтардың ерекшеліктерін зерттеуді көздейді;
- **Биоэтиканың институционалдығы** тек білім аясында ғана емес, әлеуметтік институт сияқты, биоэтикалық мәселелерді шешуде этикалық (биоэтикалық) комитет деп аталатын биомедициналық зерттеулермен бірге, көпдеңгейлі қоғамдық желілерді, мемлекеттік, халықаралық ұйымдарды құрумен көрінеді. Этикалық комитеттер ғылыми зерттеу орындарында және ауруханаларда, мемлекеттік органдарда, халықаралық ұйымдардың (ЮНЕСКО, ВОЗ, Европа кеңесі т.б.) ішінде бар.

Биоэтикалық мәселелер:

- 1. **Жалпытеориялық мәселелер:** жалпы адами моральді құндылықтар ерекшеліктері жақсылық, мейірімділік, борыш, адалдық, дәрігер мен ғалымның білімділігінің көрінуі, биоэтиканың нормалары мен этика принциптерін жасау, өмір мен өлімнің сипатын анықтау
- 2. **«Ашық» немесе жағдайлық мәселелер:** жаңа репродуктивті технологияларға этикалық анализ, жасанды түсік және эвтаназия, трансплантология, адам мен жануарлардың қатысуымен биомедициналық тәжірибелер, гендік технологиялар және т.б.

Биоэтикалық мәселелер :

- **3. Деонтологиялық мәселелер:** медицинадағы этикалық қатынастар, тігінен (дәрігер-пациент) және көлденеңінен (дәрігер-дәрігер), яғни медициналық жұмысшымен пациент арасындағы өзара қатынас моделін жасау, дәрігерлік қателіктерге этикалық анализ, пациент құқығы, ВИЧ және СПИД ауруларына шалдыққан адамдарға көмек, тағы сол сияқтылар.
- **4. Институционалды мәселелер:** этикалық комитет жұмыстарына анализ, қазіргі заманғы денсаулық сақтаудағы моральдық аспектілерінің жұмыс істеуі мен дамуының мәселелері

Медицинская деонтология:

- “Деонтология в медицине – это конкретизация медицинской этики в соответствии с различными специальностями, с различными областями медицинской деятельности, с различными звеньями медицинского труда; это коллективный нравственный (духовно-практический) опыт медицины, школа профессионализма в медицине,

Медицинская деонтология:

искусства выбора самых оптимальных средств для утверждения медицинского гуманизма; это применение на практике принципов и норм медицинской этики в целях “максимального повышения суммы общественной полезности и максимального устранения вредных последствий неполноценной медицинской работы” (Н.Н. Петров)

Этикалық комитеттер. Құрылу тарихы:

- 1947ж. «Нюрнберг кодексі», Халықаралық Әскери Трибуналдың жұмыс барысында ережесі әзірленген, әртүрлі халықаралық және ұлттық құжаттарда жазылған, субъектілерді ғылыми зерттеуден қорғау мақсаты этиканы зерттеу комитетінің негізгі жұмысы болып табылады.
- 1964-1975жж. «Хельсинки-Токиялық декларациясы» (ВМА, 1975 ж.) – бірінші рет халықаралық тәжірибеде «арнайы комитет» ұғымы тіркелді. Декларацияның негізгі ережелері төмендегідей:
- «Адамға жасалынатын әрбір эксперименттік зерттеу бағдарламасы мен орындалуы эксперименттік хаттамада анық жазылып, ары қарай арнайы тағайындалған тәуелсіз комитетке ескертпелер мен ұсыныстарды қарау үшін ұсынылу керек» (1.2 бөлім Хельсинки-Токия декларациясы).

Этикалық комитеттер. Деңгейлері мен функциялары:

Әлемдегі этикалық комитеттер екі деңгейде жұмыс істейді:

- –ұлттық
- –аймақтық

Медициналық ғылым мен практикадағы этикалық бақылаудың негізгі тәжірибелік жұмысы аймақтық деңгейде жүзеге асады.

Комитеттің функциялары:

- 1) «Биоэтика» саласындағы мәселелерді қоғаммен диалог» ретінде жүзеге асыру
- 2) Медициналық этика мәселелері бойынша өз елдерінің үкіметтерімен парламенттерінен кеңес алу.

Халықаралық талаптарға сәйкес (Хельсински-Токиялық декларациясы және т. б.) - ғылыми зерттеудің әрбір хаттамасы алдын ала этикалық экспертизадан өту керек және этикалық комитеттің сәйкес келісімін алу керек.

Бұл экспертизаның мақсаты – медико биологиялық зерттеулерде эксперимент ретінде сыналатын адамдардың құқығын, қауіпсіздігін, қадір қасиетін, амандығын қорғауды қамтамасыз ету.

Этикалық комитеттің жұмыс істеу моделі (түрлері):

- «Америкалық» (солтүстік америкалық) модель
- «Европалық» модель.
- «Америкалық» модель – этикалық комитеттің «тыйым салу» өкілеттігімен сипатталады.
- «Европалық» модель – этикалық комитеттің «кеңесші консультативті» өкілеттігімен сипатталады.
- 70 жылдардың басында БМА этикалық комитеттің құрамына қойылатын талаптарды заң жүзінде бекітті: этикалық комитеттің құрамында 5 тен кем адам болмауы керек, оның ішінде заңгер, ұсынылатын зерттеудің хаттама бағасына кепілдік беретін қоғамдық мәні тұрғысынан қоғам өкілі болуы керек. бір мамандық өкілдері болмауы керек. Комитеттің басқа мүшелері зерттеу жүргізетін ұйымнан және бір мамандық өкілдері болмауы керек.

Қазақстан Республикасында этикалық (биоэтикалық) комитеттердің құқықтық базасын ұйымдастыру негізінде:

- 1. ҚР Конституциясы (30 тамыз 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған) (21.05.2007 ж өзгерістермен толықтырулар енгізілді);
- 2. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі» Кодексі, 04.07.2013ж өзгерістермен толықтырулар енгізілді ;
- 3. ҚР мемлекеттік стандарты «Тиісті клиникалық практика» және «Тиісті зертханалық практика», ҚР индустрия және сауда Министрлігінің техникалық реттеу және метрология жөніндегі Төраға Комитетінің 29 желтоқсан 2006 жылдың № 575 бұйрығымен бекітілген.
- 4. ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің №422 от 25.05.2007ж бұйрығымен ҚР медико биологиялық эксперименттер мен клиникалық сынақтар, клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізу ережелері;
- 5. Бүкіләлемдік медицина ассоциациясының Хельсински декларациясы, биомедицина мен адамның құқықтары туралы Конвенциясы.
- 6. Биомедициналық зерттеу экспертизасын жүргізетін Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының этика комитеттерінің ұсыныстары
- 7. Эксперименттер мен басқа да ғылыми мақсатта қолданылатын омыртқалы жануарлардың құқығын және басқа да нормативті құқықтық актілерді қорғаудағы Европалық Конвенциясы.

Дәрістің басты терминдері:

1. Биомедициналық этика.
2. Экологиялық этика.
3. Биоэтиканың пәнаралық сипаты
4. Биоэтиканың нормативтілігі
5. Биоэтиканың жариялануы
6. Биоэтиканың институционалдығы
7. Жалпытеориялық мәселелер
8. «Ашық» немесе жағдайлық мәселелер
9. Деонтологиялық мәселелер
10. Институционалды мәселелер
11. Биоэтикалық комитеттері
12. Биоэтикалық комитеттердің құқықтық базасы

Әдебиеттер мен электронды ресурстар:

1. Юдин Б.Г. Социальная институционализация биоэтики. — Сб.: “Биоэтика: проблемы и перспективы”. М. 1992, с. 113.
2. Юдин Б.Г., Тищенко П.Д Введение в биоэтику: учебное пособие. – Москва, Прогресс-Традиция, 2008. - 382 с.
3. Яскевич Я.С. Основы биоэтики: учебное пособие / Я.С. Яскевич, С.Д. Денисов, Б.Г. Юдин, Т.В. Мишаткина и др– Мн.: Вышэйшая школа, 2009. – 351 с.
4. Этика [Электронный ресурс] : учебник для бакалавров / А. А. Гусейнов [и др.]. - Электрон. текстовые дан. - Москва : Юрайт, 2015. - 569 с. ; 12 см. - (Бакалавр. Углубленный курс). - CD-ROM. Электрон. версия печ. публикации . - ISBN 978-5-9916-2385-8 (в кор.) : Б. ц. Электронная копия учебник
5. <http://dic.academic.ru/> Словари и энциклопедии на Академике
6. <http://www.bioethics.ru> Биоэтический форум.
7. <http://bioethica.iatp.by/> Белорусский сайт, посвященный биоэтике.
8. <http://www.cwru.edu/med/bioethics/bioethics.html> Сайт Центра биомедицинской этики Case Western Reserve University (англ.).

Қосымша әдебиеттер:

- 1. ҚР Конституциясы (30 тамыз 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған) (21.05.2007 ж өзгерістермен толықтырулар енгізілді);
- 2. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі» Кодексі, 04.07.2013ж өзгерістермен толықтырулар енгізілді ;
- 3. ҚР мемлекеттік стандарты «Тиісті клиникалық практика» және «Тиісті зертханалық практика», ҚР индустрия және сауда Министрлігінің техникалық реттеу және метрология жөніндегі Төраға Комитетінің 29 желтоқсан 2006 жылдың № 575 бұйрығымен бекітілген.
- 4. ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің №422 от 25.05.2007ж бұйрығымен ҚР медико биологиялық эксперименттер мен клиникалық сынақтар, клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізу ережелері;
- 5. Бүкіләлемдік медицина ассоциациясының Хельсински декларациясы, биомедицина мен адамның құқықтары туралы Конвенциясы.
- 6. Биомедициналық зерттеу экспертизасын жүргізетін Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының этика комитеттерінің ұсыныстары
- 7. Эксперименттер мен басқа да ғылыми мақсатта қолданылатын омыртқалы жануарлардың құқығын және басқа да нормативті құқықтық актілерді қорғаудағы Европалық Конвенциясы.

Дәріскер: Алібаева Бахыт Насихатқызы

Назарларыңызға рахмет